



БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қаласы

2023 жылдың 12 шілдесі

KASE биржалық нарықтың 2023 жылдың II тоқсаны мен бірінші жартыжылдығындағы жұмысының қорытындысын ұсынады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) 2023 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қызметтің негізгі қорытындылары туралы хабарландырады:

- KASE-дегі сауда-саттықтың жиынтық көлемі 157,7 трлн теңгені құрап, 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 15,2 %-ға немесе 20,8 трлн теңгеге өсті.
- KASE индексінің мәні 10,9 %-ға 3 604,75 тармаққа дейін өсті.
- Акциялар нарығының капиталдандырылуы 8,0 %-ға немесе 1,7 трлн теңгеге 22,9 трлн теңгеге дейін өсті.
- 2023 жылдың басынан бері KASE ресми тізіміне 31 эмитенттің 68 атауындағы бағалы қағаздар енгізілді, олардың 13-і алғаш рет листинг процедурасынан өтті.
- 2023 жылдың 01 шілдесіндегі жағдай бойынша KASE сауда тізімдерінде 224 эмитенттің 602 атауындағы мемлекеттік емес бағалы қағаздар болды.
- 2023 жылдың 01 шілдесіндегі жағдай бойынша Бағалы қағаздардың орталық депозитарийінде жеке тұлғалардың 682 мың жеке шоттары болды.

НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

2023 жылдың бірінші жартыжылдығында KASE қатысуымен бірқатар іс-шаралар өткізілді.

- KASE Стратегиялық сессия өткізді, оның жұмысына KASE Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері, Директорлар кеңесінің стратегиясы жөніндегі комитетінің сарапшылары, "KASE клиринг орталығы" АҚ Басқарма Төрағасы және KASE IT бойынша басқарушы директоры қатысты. Іс-шара шеңберінде ағымдағы экономикалық сын-қатерлер аясында KASE-ні дамыту перспективалары, қаржылық қызметтерді цифрландыру және биржалық бизнесті дамыту талқыланды;
- KASE Қазақстан ЖОО студенттері үшін Global Money Week жастары мен балаларының қаржылық сауаттылығын арттыру жөніндегі дүниежүзілік жаһандық бағдарлама аясында іске қосылған 15-ші "Биржалық симулятор" мерейтойлық жобасының бірінші кезеңін аяқтады.
- KASE 30 жылдық мерейтойына орай Астана қаласының әкімдігімен және "Орнықты даму" Жер Қорымен бірлесіп, Қазақстан астанасының Президенттік саябағында KASE аллеясын отырғызу салтанатты рәсімін өткізіп, 100 түп сакура көшетін отырғызды.

Оқыту іс-шаралары

KASE қаржылық сауаттылықты арттыру мақсатында мынадай іс-шаралар өткізді:

- Қазақстан-Неміс университетінің, ҚМЭБИ университетінің, Алматы экономикалық колледжінің (АЭК) және М.С. Нәрікбаев атындағы ҚАЗГЗУ университетінің студенттері үшін танысу семинарлары өткізілді, олар қор нарығының негіздері туралы, сондай-ақ KASE Mobile мобильдік қосымшасын пайдалану және "Биржалық симулятор" жобасы туралы ақпарат беруге бағытталған;

- фьючерстермен байланысты негізгі ұғымдар мен параметрлер және Биржадағы фьючерстердің саудасына қолжетімділік туралы "KASE-дегі фьючерстер" онлайн-вебинарлары;
- Биржаның "KASE Insight" ішкі алаңында Ұлттық ESG Клубының Төрағасы А. Қазыбаев және Green Investment Group бас ESG-менеджері Н. Воробьевпен ESG-принциптер тақырыбында семинар өтті, сондай-ақ "Жасыл кеңсе" жобасының идеяларын насихаттау аясында қалдықтарды дұрыс кәдеге жарату бойынша оқыту өткізілді.

Бизнеске арналған іс-шаралар

Бұдан басқа, 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында Биржа бизнес үшін бірқатар іс-шаралар өткізді:

- KASE Қазақстанның машина жасаушылар одағының өкілдерімен "KASE-де қаржыландыруды тарту" тақырыбында дөңгелек үстел өткізді;
- KASE-де "Эмитент күні" жобасы аясында инвесторлармен, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен және БАҚ-мен "Қазақтелеком" АҚ, "Кселл" АҚ және "Форпост" ЖШС басшылығымен онлайн-кездесулер өтті, олардың шеңберінде компания өкілдері қаржылық нәтижелер, бизнестің негізгі бағыттары, іске асырылатын жобалар және болжамды күтулер туралы ақпаратпен бөлісті;
- KASE "KASE-де қаржыландыруды тарту" оқыту бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлердің қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында "Қор нарығында қаржыландыруды тарту құралдары және олардың артықшылықтары" және "Компания капиталын басқару және қаржыландыруды тарту тәсілдері" вебинарларын өткізді;
- KASE-де әйелдер кәсіпкерлігін қаржыландыру үшін "МҚҰ ОнлайнКазФинанс" АҚ-ның (Solva бренді) алғашқы ESG гендерлік облигацияларын бастапқы орналастыру құрметіне іс-шара өтті.

Халықаралық ынтымақтастық

- KASE Басқарма Төрайымы А. Алдамберген Ереван қаласында (Армения) Еуро-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS) ConFEAS 2023 капитал нарығы бойынша жыл сайынғы халықаралық конференциясына қатысты. FEAS Директорлар кеңесіне сайлау, хатшылықпен, FEAS мүше биржаларымен және нарыққа басқа да қатысушылармен кездесу шеңберінде KASE басшысы А. Алдамберген ынтымақтастықтың алдағы жоспарларын талқылау үшін FEAS Жұмыс комитетінің Төрайымы болып сайланды.
- KASE "Өзбек республикалық валюта биржасы" АҚ және "Тошкент" республикалық қор биржасы" АҚ-ның қолдауымен Өзбекстан Республикасында "KASE Day in Tashkent" өткізді. Іс-шара мүшелікті алу мүмкіндіктері, өзбек компаниялары үшін қазақстандық қор нарығында қаржыландыруды тарту шарттары және KASE нарықтарында уақытша бос қаражатты инвестициялау туралы ақпарат беруге бағытталған.
- KASE және Green Investment Group (GIG) Өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды, оның мақсаты Қазақстанның қор нарығында тұрақты даму принциптерін дамыту және енгізу болып табылады.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Жыл басынан бері акциялар нарығының капиталдандырылуы 8,0 %-ға немесе 1,7 трлн теңгеге 22,9 трлн теңгеге (50,3 млрд USD) дейін өсті. Бұл ретте 2023 жылдың екінші тоқсанының қорытындысы бойынша акциялар нарығының капиталдандырылуы 6,0 %-ға немесе 1,3 трлн теңгеге өсті.

2023 жылдың маусымның соңында KASE сауда тізімдерінде 87 эмитенттің 101 атауындағы акциялар болды, оның ішінде үш эмитенттің акциялары "Листингтік емес бағалы қағаздар" секторында айналысқа жіберілді. 2023 жылдың екінші тоқсанында эмитенттің бастамасымен KASE ресми тізімінен "Өскемен құс фабрикасы" АҚ-ның қарапайым акциялары алынып тасталды.

Акциялар сауда-саттығының көлемі 2023 жылдың алты айында 147,2 млрд теңгені құрап, 2022 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 2,7 есеге немесе 93,1 млрд теңгеге өсті. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 1,3 млрд теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 2 694, бір мәміленің орташа көлемі – 455,4 мың теңгені құрады.

Қаңтар айында жазылу аясында "AMF Group" АҚ жалпы сомасы 144,9 млн теңге болатын акцияға 258,00 теңге бағамен 561 678 жай акция орналастырды.

Қайталама нарықта сауда-саттық көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,7 есеге немесе 93,0 млрд теңгеге өсіп, 147,1 млрд теңгені құрады. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 1,2 млрд теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 2 694, бір мәміленің орташа көлемі – 455,0 мың теңгені құрады. Екінші тоқсанда акциялар сауда-саттығы қайталама нарықта ғана өтті, онда акциялармен сауда-саттық көлемі 84,3 млрд теңгені құрады.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттарының ішінде жеке тұлғалардың үлесі акциялармен мәмілелердің жалпы айналымының 45,2 %-ын құрады. Банктердің үлесі 2,8 %, брокер-дилерлердің үлесі – 9,1 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 5,3 % құрады, өзге заңды тұлғалардың үлесі 37,6 %-ға жетті. Бейрезиденттердің қатысуы 33,1 % бағаланады.

KASE ИНДЕКСІ

Жыл басынан бері KASE индексі 10,9 %-ға немесе 353,11 пунктке 3 604,75 пунктке дейін өсті. Индекстік акциялармен сауда-саттығының жалпы көлемі 123,2 млрд теңгені құрады. Сауда-саттықтың ең көп көлемі "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ жай акцияларына тиесілі болды – 98,3 млрд теңге (индекстік акциялармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 79,8 %)*.

2023 жылдың 01 шілдесіне KASE индексі есептеу үшін өкілдік тізім тоғыз атаудағы акциялардан тұрады, 03 ақпаннан бастап KASE индексінің есебіне "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ жай акциялары енгізілді.

KASE өкілдік тізіміне кіретін акциялар бағасының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	Акцияның бағасы, теңге			Сауда-саттық көлемі, млн теңге		
		01.07.23	01.01.23	Δ, %	2023 6А	2022 6А	Δ
"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ	HSBK	164,00	126,47	+29,7 %	6 205,0	6 861,6	-656,6
"ҚазТрансОйл" АҚ	KZTO	842,85	734,00	+14,8 %	3 014,3	2 484,0	+530,3
Kaspi.kz АҚ	KSPI	37 400,00	33 196,50	+12,7 %	1 394,7	1 976,1	-581,4
"Кселл" АҚ	KCEL	1 900,00	1 725,00	+10,1 %	5 953,8	10 700,7	-4 746,9
"Қазақтөлеком" АҚ	KZTK	30 800,00	28 362,32	+8,6 %	2 497,2	1 617,0	+880,2
"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ	KMGZ	10 097,99	9 430,00	+7,1 %	98 346,6	–	–
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	679,97	640,00	+6,2 %	2 089,2	5 049,8	-2 960,6
"Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" АҚ	KZAP	13 096,82	12 874,00	+1,7 %	3 047,1	2 171,7	+875,4
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 573,93	1 620,02	-2,8 %	646,7	514,0	+132,7

* ірі мәмілелер мен тұрақты емес сипаттағы мәмілелерді есепке алмағанда

Батыс қор алаңдары 2023 жылдың бірінші жартыжылдығын талдаушылардың көпшілік болжамдарына қарамастан айтарлықтай өсіммен аяқтады: SP 500 16,36 %-ға, Nasdaq – 32,74 %-ға, ал Dow Jones – 3,84 %-ға өсті. Қор нарығының өсу үрдісі бастапқыда IT секторы компанияларының акциялары есебінен қалыптасты, бірақ екінші тоқсанда өсу басқа секторларға таралды және жартыжылдық қорытындысы бойынша жасыл аймақта экономиканың 11 секторының жетеуі жабылды. Маусым айының қорытындысы бойынша экономиканың барлық секторларында өсім байқалды.

KASE-де индекстік себеттің тоғыз өкілінің сегізі жасыл аймақта жабылды. Бұл ретте қазақстандық нарықта – әлемдік трендтермен салыстырғанда – қаржы секторының акциялары өсу көшбасшыларына айналды.

"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ-ның жай акциялары бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша акционерлерге құн өсімінің 29,7 %-ы, сондай-ақ 15,5 % мөлшерінде дивидендтік кірістілікті әкелді. Алты ай ішінде топ жылдық және тоқсандық табысты нәтижелерді жариялады, дивидендтерді бекітіп, төледі және Жарғыға дивидендтерді жылына екі реттен артық төлеуге

мүмкіндік беретін өзгертулер енгізді. Нәтижесінде тізілім тіркелгеннен кейін бір айдан аз уақыт өткен соң жай акциялар дивидендтік гәп-ті толықтай жауып, өсуді жалғастырды.

Құны 14,8 %, сондай-ақ дивидендтік кірістілігі 4,6 % өсуімен екінші орында "ҚазТрансОйл" АҚ жай акциялары тұр. Компания бір жылда және бірінші тоқсанда таза табыстың төмендеуі туралы есеп берді, алайда көлік бағыттарын әртараптандыру бойынша жұмыс және 01 шілдеден бастап ішкі және сыртқы нарықтарға көлік тарифтерінің айтарлықтай көтерілуі болашақта қаржы ағындарының өсуін күтеді.

Kaspi.kz АҚ көшбасшыларының үштігін жабады, оның жай акциялары жарты жылда 12,7 %-ға өсіп, 2022 жылдың ақпанның деңгейіне дейін қалпына келді. Компания бір жыл және бірінші тоқсан үшін мықты қаржылық есептерді жариялады, жаһандық депозитарлық қолхаттарды кері сатып алу бағдарламасын жалғастыруда, сондай-ақ АҚШ-та листингке дайындықтың басталғанын жариялады. Бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша Kaspi.kz АҚ акцияға 750 теңге көлемінде дивидендтер төледі.

"Кселл" АҚ және "Қазақтелеком" АҚ телекоммуникациялық операторларының акциялары тиісінше 10,1 % және 8,6 %-ға өсті. Екі компания 2022 жылды және 2023 жылдың бірінші тоқсанын мықты қаржылық деректермен аяқтады, бірақ дивидендтер төлеуден бас тартты. Бұл ретте "Қазақтелеком" АҚ ағымдағы жылдың күзінде дивидендтер төлеуді әлі де мақұлдай алады.

"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ акциялары жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 10 097,99 теңгеге жетті, бұл өткен жылдың желтоқсанда орналастыру бағасынан 20,1 %-ға жоғары.

Жарты жылды 2,8 %-ға төмендеумен жабатын жалғыз индекстік компания "KEGOC" АҚ болды.

"KASE GLOBAL" СЕКТОРЫ

2023 жылдың маусым айының соңында Биржаның сауда-саттық тізімдерінде "KASE Global" секторында 44 атаудағы және 14 шетелдік эмитенттердің акциялары болды. Екінші тоқсанда KASE ресми тізімінің "KASE Global" секторына екі ETF Franklin Templeton Investments, Inc. және iShares Inc. енгізілді.

2023 жылдың бірінші жартыжылдығында "KASE Global" секторында жалпы сомасы 9,1 млрд теңгеге мәмілелер жасалды, бұл өткен жылдың сәйкес көрсеткішінен 49,5 %-ға немесе 9,0 млрд теңгеге төмен. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 76,2 млн теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 228, бір мәміленің орташа көлемі – 334,0 мың теңгені құрады.

Сауда-саттықтың ең көп көлемі мынадай акцияларға тиесілі болды:

- Apple Inc. – жалпы сомасы 1 139,2 млн теңгеге 2 214 мәміле;
- Tesla Inc. – жалпы сомасы 853,8 млн теңгеге 4 242 мәміле;
- Pfizer Inc. – жалпы сомасы 751,8 млн теңгеге 1 232 мәміле.

Инвесторлардың негізгі санаттарының ішінде жеке тұлғалардың үлесіне 55,1 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне 23,4 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне 21,5 % тиесілі. Бейрезиденттердің қатысуы 1,1 % болып бағаланады.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

2023 жылдың алты айының қорытындысы бойынша KASE-де саудаланатын корпоративтік қарыз көлемі 9,2 %-ға немесе 1,3 трлн теңгеге 13,1 трлн теңгеге (28,9 млрд USD) дейін төмендеді. Бұл ретте корпоративтік қарыз көлемі 2023 жылдың екінші тоқсанында 1,3 %-ға немесе 172,2 млрд теңгеге төмендеді.

2023 жылдың 01 шілдесінде KASE сауда-саттық тізімдерінде 89 эмитенттің 361 корпоративтік облигацияларының шығарылымы болды. Жыл басынан бері KASE ресми тізіміне 22 эмитенттің (тоғыз жаңа) 45 облигация шығарылымы енгізілді, оның ішінде 2022 жылдың екінші тоқсанында листинг процедурасынан 13 эмитенттің (бес жаңа) 20 шығарылымының облигациялары өтті: "МҚҰ ОнлайнКазФинанс" АҚ-ның бес шығарылымы, "Банк "Bank RBK" АҚ, "КМФ (КМФ)" микроқаржы ұйымы" ЖШС, "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС екі шығарылымы және "АРҚАДА ИНДАСТРИ" ЖШС, "Finaccord Limited" жеке компаниясының, "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ, "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" АҚ, "МФО "Express Finance Group" ЖШС, "Форпост" ЖШС, "Магистральный Водовод" ЖШС, "МҚҰ "TAS FINANCE GROUP" (ТАС ФИНАНС ГРУПП) ЖШС, "КА "ID Collect (АйДи Коллект)" ЖШС бір шығарылымы.

KASE_BMY индексі (негізгі алаңның корпоративтік облигацияларының кірістілік индексі) жыл басынан бері жылдық 14,00 % мәніне жетіп, 134 б.т. өсті.

Алты айда сауда-саттықтың жиынтық көлемі 1 021,3 млрд. теңгені құрап, 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 45,4 %-ға немесе 318,8 млрд. теңгеге артты. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 8,5 млрд теңгені (қайталама нарықта – 2,3 млрд теңге), мәмілелердің орташа күндік саны – 144 (қайталама нарықта – 126), бір мәміленің орташа көлемі 59,2 млн теңгені (қайталама нарықта – 18,5 млн теңгені) құрады.

2023 жылдың бірінші жартыжылдығында жалпы сомасы 741,7 млрд. теңгеге 20 эмитенттің 39 облигация шығарылымы орналастырылды, бұл өткен жылдың сәйкес көрсеткішінен 5,7 есе жоғары. Оның ішінде екінші тоқсанда орналастыру көлемі 363,7 млрд теңгені құрады, 16 эмитент өз облигацияларының 22 шығарылымын орналастырды:

- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ жылдық 15,10-18,53 % өтеуге кірістілігі бар (шығарылымдар бойынша орташа алынған кірістілік жылдық 15,29-18,60 % аралығында өзгеріп отырды), өтеу мерзімі 6,8 жылға дейін облигациялардың үш шығарылымын орналастыра отырып, 75,9 млрд теңге тартты;
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ жылдық 15,25 % өтеуге кірістілігі бар, өтеу мерзімі бір жылдан аз облигацияларды орналастыра отырып, 50,5 млрд теңге тартты;
- "ҚазАгроҚаржы" АҚ 18,75 % өтеуге кірістілігі бар, өтеу мерзімі 6,1 жылға дейінгі облигацияларды орналастыра отырып, 9,8 млрд теңге тартты;
- "Қазақстандық Тұрғын үй Компаниясы" АҚ 0,1 % өтеуге кірістілігі бар, өтеу мерзімі 27,8 жылға дейінгі облигацияларды орналастыра отырып, 39,3 млн теңге тартты;
- "Home Credit Bank" АҚ 18,0 % өтеуге кірістілігі бар, өтеу мерзімі 1,7 жылға дейінгі облигацияларды орналастыра отырып, 10,7 млрд теңге тартты;
- "Банк "Bank RBK" АҚ 4,00 % өтеуге кірістілігі бар он жылдық облигацияларды орналастырып, 12,9 млрд теңге тартты;
- "Форпост" ЖШС жылдық 10,75 % өтеуге кірістілігі бар, өтеу мерзімі бір жылдан кем облигацияларды орналастырып, 3,7 млрд теңге тартты;
- "ОнлайнКазФинанс микроқаржы ұйымы" ЖШС облигациялардың үш шығарылымын орналастырды және:
 - жылдық 10,00 %-бен, өтеу мерзімі бір жылға дейінгі 3,5 млн АҚШ долларын (баламасы 1,6 млрд теңге),
 - жылдық 21,00 % және 21,50 % өтеуге орташа алынған кірістілігі бар, өтеу мерзімі бір жылға дейінгі облигациялардың екі шығарылымын орналастыра отырып, 11,5 млрд теңге тартты;
- "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС жылдық 20,00 % және 25,00 % кірістілігі бар, бір және екі жыл өтеу мерзімімен облигациялардың екі шығарылымын орналастыра отырып, 1,3 млрд теңге тартты;
- "КМФ (КМФ)" микроқаржы ұйымы" ЖШС жылдық 20,00 % өтеуге кірістілігі бар, өтеу мерзімі бір жылға дейінгі облигациялардың екі шығарылымын орналастыра отырып, 20,0 млрд теңге тартты;
- "Афинанс микроқаржы ұйымы" ЖШС жылдық 11,0 % өтеуге кірістілігі бар, өтеу мерзімі 0,7 жылға дейінгі облигацияларды орналастыра отырып, 99,9 мың АҚШ долларын тартты (44,9 млн теңге баламасы);
- "Birinshi Lombard" ЖШС жылдық 24,00 % өтеуге кірістілігі бар, өтеу мерзімі бір жылға дейінгі облигацияларды орналастырып, 1,0 млрд теңге тартты.

Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесі 18,4 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 1,4 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 37,8 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 37,8 %, жеке тұлғалардың үлесі – 4,6 % құрады. Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығындағы бейрезиденттердің үлесі 13,6 % құрады.

Облигациялардың қайталама нарығында 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында сауда-саттық көлемі 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 51,2 %-ға немесе 293,3 млрд теңгеге төмендеп, 279,6 млрд теңгеге жетті.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде ЕДБ үлесі 2023 жылдың алты айында 5,1 %-ды, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 6,1 %-ды, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 18,4 %-ды, өзге заңды тұлғалардың

үлесі – 59,8 %-ды, жеке тұлғалардың үлесі 10,5 %-ды құрады. Бейрезиденттердің үлесі 18,7 % құрады.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)

2023 жылдың алты айының қорытындысы бойынша KASE-де сатылатын номинал бойынша мемлекеттік қарыз сомасы 24,9 трлн теңгені (54,7 млрд USD) құрап, жыл басынан бері 15,4 % немесе 3,3 трлн теңгеге артты. 2023 жылдың екінші тоқсанында мемлекеттік қарыз сомасы 9,2 %-ға немесе 2,1 трлн теңгеге өсті.

KASE-дегі МБҚ сауда-саттығының жиынтық көлемі 5,1 трлн теңгені құрап, 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 83,4 %-ға немесе 2,3 трлн теңгеге өсті. Алты айдың қорытындысы бойынша сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 42,1 млрд теңгені (қайталама нарықта – 10,1 млрд теңге), мәмілелердің орташа күндік саны – 21 (қайталама нарықта – 13), бір мәміленің орташа көлемі – 2,0 млрд теңгені (қайталама нарықта – 0,8 млрд теңге) құрады.

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 2,3 есеге немесе 2,2 трлн теңгеге 3,8 трлн теңгеге дейін өсті. Оның 32,6 млрд теңгесі жылдық 0,35-4,25 %-бен (мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру аясындағы іс-шараларды қаржыландыру мақсатында) алты облыс әкімдіктері тарапынан тартылды. Қаржы министрлігі 0,8 жылдан 16 жылға дейінгі өтеу мерзімімен 31 шығарылымды (он жаңа шығарылым және 21 шығарылым ірілендірілді) орналастырып, орташа алынған кірістілігі жылдық 11,50-17,71 %-бен (жылдық 11,50-17,78 %-бен) 3 805,4 млрд теңгені тартты.

2023 жылдың екінші тоқсанында орналастыру көлемі 2,7 трлн теңгені құрады. Оның 32,6 млрд теңгесін әкімдіктер, Қаржы министрлігі – жылдық 11,50-17,78 %-бен 2 634,9 млрд теңге тартты.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 2023 жылдың алты айында ЕДБ үлесіне 50,1 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 1,7 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 40,6 %, өзге заңды тұлғалардың үлесіне 7,5 %, жеке тұлғалардың үлесіне – 0,1 %-дан кем тиесілі болды. МБҚ бастапқы нарығындағы бейрезиденттердің үлесі 0,1 % -дан кем болды.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 13,0 %-ға өсіп, 1,2 трлн теңгеге жетті. Қайталама нарықта Ұлттық Банктің ноталарымен сауда-саттық үлесі – 39,4 % немесе жалпы сауда-саттық көлемінің 476,8 млрд теңгесі, МЕКАМ үлесі – 55,6 % немесе 673,5 млрд теңге, Қазақстан Республикасының еурооблигациялар үлесі – 0,1 % немесе 1,1 млрд теңге. Қалған көлем шет мемлекеттердің МБҚ-мен жасалған мәмілелерге тиесілі және 5,0 % немесе 60,2 млрд теңгені құрады.

Екінші тоқсанда қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 935,3 млрд теңгені құрады. Қайталама нарықта Ұлттық Банктің ноталарымен сауда-саттық үлесі – 35,4 % немесе жалпы сауда-саттық көлемінің 331,1 млрд теңгесі, МЕКАМ үлесі – 60,8 % немесе 568,2 млрд теңге, Қазақстан Республикасының еурооблигациялар үлесі – 0,1 % немесе 0,9 млрд теңге. Қалған көлем шет мемлекеттердің МБҚ-мен жасалған мәмілелерге тиесілі және 3,8 % немесе 35,2 млрд теңгені құрады.

МБҚ-ның қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 2023 жылдың алты айында банктердің үлесі 38,1 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 3,2 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 6,5 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 51,5 %, жеке тұлғалардың үлесі – 0,7 % құрады. Бейрезиденттердің үлесі 6,5 % құрады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ (ХҚҰ) ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Есепті кезеңнің соңында KASE сауда-саттық тізімдерінде бес халықаралық қаржы ұйымының 53 облигациясы шығарылды: Азия даму банкінің 11 шығарылымы, Еуразиялық даму банкінің 25 шығарылымы, Еуропалық қайта құру және даму банкінің 14 шығарылымы, Халықаралық қаржы корпорациясының екі шығарылымы және Жеке секторды дамыту жөніндегі ислам корпорациясының бір шығарылымы.

2023 жылдың басынан бастап ресми тізімге төрт халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларының 15 шығарылымы енгізілді: Азия даму банкінің үш шығарылымы, Еуразиялық даму банкінің 10 шығарылымы, Еуропалық қайта құру және даму банкінің бір шығарылымы және Жеке секторды дамыту жөніндегі ислам корпорациясының бір шығарылымы.

Өткен кезеңде сауда-саттық көлемі 161,6 млрд теңгені құрады, бұл 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,4 есе немесе 113,5 млрд теңгеге жоғары. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда мәмілелер саны 42,9 % артып, 243 мәмілені құрады.

Бастапқы нарықта сауда-саттық көлемі 137,4 млрд теңгені құрап, 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5,7 есеге немесе 113,4 млрд теңгеге артты. 2023 жылдың екінші тоқсанында халықаралық қаржы ұйымдарының екі шығарылымы орналастырылды, сауда-саттықтың жиынтық көлемі 15,3 млрд теңгені құрады:

- Азия даму банкі жылдық 14,10 % өтеуге кірістілігі бар және өтеу мерзімі 7,6 жылға дейінгі халықаралық әлеуметтік облигацияларды орналастырып, 13,3 млрд теңге тартты;
- ICD Eagle Limited жылдық 14,95 % мерзімдік төлем мөлшерлемесімен бес жылдық траст сертификаттарын орналастырып, 2,0 млрд теңге тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында ЕДБ-нің бастапқы нарықтағы үлесі 27,9 %-ды, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 6,7 %-ды, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 37,8 %-ды, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 27,1 %-ды, жеке тұлғалардың үлесі – 0,5 %-ды құрады. Бейрезиденттердің үлесі 0,1 %-дан кем болды

Қайталама нарықта сауда-саттық көлемі 24,2 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 0,3 %-ға немесе 0,1 млрд теңгеге жоғары.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 2023 жылдың алты айында банктердің үлесіне 1,5 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 19,7 %, өзге заңды тұлғалардың үлесіне – 78,4 %, жеке тұлғалардың үлесіне – 0,5 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 26,3 % болып бағаланады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ПАЙЛАРЫ

2023 жылдың 01 шілдесінде "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында алты басқарушы компанияның басқаруындағы инвестициялық пай қорларының 18 құралы және алты ETF болды.

Есепті кезеңде сауда-саттық көлемі 5,4 млрд теңгені құрады, бұл ұқсас кезеңнің нәтижесінен 19,5 %-ға немесе 0,9 млрд теңгеге жоғары.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 42,4 % – жеке тұлғаларға, 4,7 % – брокер-дилерлерге, 19,2 % – басқа институционалдық инвесторларға және 33,6 % – өзге заңды тұлғаларға тиесілі. Бейрезиденттердің қатысуы 8,2 % болып бағаланады.

ТУЫНДЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

2023 жылдың 01 шілдесіндегі жағдай бойынша KASE ресми тізімінде базалық активтері "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" АҚ, "Қазақстан халық жинақ банкі" АҚ, Kaspi.kz АҚ, "Қазақтелеком" АҚ және "ForteBank" АҚ жай акциялары болып табылатын бес шығарылымның жаһандық депозитарлық қолхаттары (ЖДҚ) болды.

2023 жылдың бірінші жартыжылдығында сауда-саттық көлемі 928,0 млн теңгені құрап, 2022 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 94,0 %-ға немесе 14,4 млрд теңгеге төмендеді.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 45,6 % – жеке тұлғаларға, 28,0 % – брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 9,8 % – басқа институционалдық инвесторларға және 16,6 % – өзге заңды тұлғаларға тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 0,1 %-ды құрады.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ШОТТАРЫ

2023 жылдың 01 шілдесіндегі жағдай бойынша Бағалы қағаздардың орталық депозитарийінде жеке тұлғалардың 682 мың жеке шоттары болды. Бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша жеке тұлғалар 143 мың жаңа жеке шотты тіркеді.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

2023 жылдың бірінші жартыжылдығында шетел валюталары нарығындағы сауда-саттық көлемі 12,3 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 49,6 %-ға немесе 4,1 трлн теңгеге жоғары. Бірінші жартыжылдықта сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 102,7 млрд теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 447, бір мәміленің орташа көлемі – 230,0 млн теңгені құрады.

Төмендегі кестеде KASE-де саудаланатын валюта жұптарының негізгі сипаттамалары келтіріледі (көлемнің, сауда-саттық көлеміндегі үлестің, мәмілелер санының өзгеруі өткен жылдың ұқсас кезеңіне қатысты көрсетілген; бағамның өзгеруі жыл басына қарай шетел валютасының теңгеге шаққандағы орташа өлшенген биржалық бағамының номиналды өзгерісін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Мин. және макс. бағам, базалық бірлік үшін бағамдалатын валюта саны	Маусымның аяғындағы бағам (өзг. %)
USD/KZT	18 366,3 (+15,8 %)	67,2 % (-19,8 %)	42 240 (+7 391)	426,85-470,70	452,26 (-2,2 %)
RUB/KZT	131 174,4 (+13,5 %)	6,2 % (-2,8 %)	7 826 (+4 466)	5,0683-6,8900	5,1238 (-20,0 %)
CNY/KZT	1 791,1 (-37,3 %)	0,9 % (-1,5 %)	818 (-205)	61,7000-68,9800	62,3541 (-5,6 %)
EUR/KZT	426,0 (x2,3)	1,7 % (+0,7 %)	1 500 (+1 269)	456,51-506,53	490,70 (-0,4 %)
EUR/USD	5 592,0 (x69,0)	22,4 % (+22,0 %)	1 047 (+1 028)	1,0503-1,1066	1,0860 (+2,2 %)
USD/CNY	430,0 (-)	1,6 % (-)	156 (-)	6,8510-7,2780	7,2688 (+5,1 %)

АҚША НАРЫҒЫ

Ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында 139,0 трлн теңгені құрап, 2022 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 11,1 %-ға немесе 13,9 трлн теңгеге артты.

Мәмілелер көлемі арқылы орташа алынған USD/KZT валюта свопы операциялары және бір жұмыс күніне ашылған МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша кірістілік мәнін білдіретін ақша нарығының композиттік индикаторы 2023 жылдың маусымның соңына қарай жылдық 17,85 %-дан 17,60 %-ға дейін 25 б.т. төмендеді.

РЕПО операциялар нарығы

Осы сегменттегі сауда-саттық көлемі 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында 114,4 трлн теңгені құрады, бұл 2022 жылдың сәйкес кезеңіндегі көлемнен 4,5 %-ға немесе 5,0 трлн теңгеге артық. Операциялардың орташа күндік көлемі 953,7 млрд теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 1 283, бір мәміленің орташа көлемі – 743,1 млн теңгені құрады.

МБҚ-мен авторепо сауда-саттығының көлемі 89,3 трлн теңгені немесе репоның жалпы көлемінің 78,0 %-ын құрады. ҰБҚ-мен – 25,1 трлн теңге немесе 21,9 %, ҰБҚ-мен тікелей репо – 29,3 млрд теңге немесе 0,1 %-дан кем, авторепо – 1,5 млрд теңге немесе 0,1 %-дан кем, және МБҚ-мен тікелей репо – 0,9 млрд теңге немесе 0,1 %-дан кем.

Маусымның соңына қарай TONIA индикаторы (МБҚ себетінің бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында Биржада жасалған бір жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме) жылдық 17,63 %-дан 17,61 %-ға дейін 2 б.т. төмендеді.

TRION индикаторы (Орталық контрагенттің қызметтерін пайдаланумен клиринг қызметін жүзеге асыратын МБҚ себетінің бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында бір күн ішінде Биржада жасалған бір жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме) жылдық 17,54 %-дан жылдық 17,56 %-ға дейін 2 б.т. төмендеді.

TWINA индикаторы (Биржада Орталық контрагенттің қызметтерін пайдаланумен клиринг қызметін жүзеге асыратын МБҚ себетінің бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында жасалған жеті жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме) жылдық 17,04 %-дан 17,16 %-ға дейін 12 б.т. ұлғайды.

Валюта свопы операцияларының нарығы

2023 жылдың бірінші жартыжылдығында валюта свопы операциялары нарығындағы сауда-саттық көлемі 24,6 трлн теңгені құрады, бұл 2022 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 57,5 %-ға немесе 9,0 трлн теңгеге артық. Жартыжылдықтағы операциялардың орташа күндік көлемі 204,7 млрд теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 21, бір мәміленің орташа көлемі – 9,5 млрд теңгені құрады.

Аспаптық құрылымда 24,3 трлн теңге немесе своп мәмілелерінің 98,8 %-ы USDKZT своптарына тиесілі, 296,9 млрд теңге немесе 1,2 %-ы – RUBKZT-ге тиесілі болды.

USDKZT жұбында своптармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 31,4 % (7 710,9 млрд теңге немесе 17 078,0 млн USD) бір күндік валюталық своппен жасалатын мәмілелерге (USDKZT_0_001), своптармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 66,9 % (16 432,6 млрд теңге немесе 36 388,4 млн USD) екі күндік валюталық своппен жасалатын мәмілелерге (USDKZT_0_002), своптармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 0,1 % (13,2 млрд теңге немесе 30,0 млн USD) бір апталық валюталық своппен жасалатын мәмілелерге (USDKZT_0_01W), своппен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 0,1 % (27,1 млрд теңге немесе 60,0 млн USD) бір айлық валюталық своппен жасалатын мәмілелерге (USDKZT_0_01M) және своптармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 0,3 % (78,1 млрд теңге немесе 175,0 млн USD) үш айлық валюталық своппен жасалатын мәмілелерге (USDKZT_0_03M) тура келді.

RUBKZT жұбында барлық көлем Екі күндік валюталық своппен жасалатын мәмілеге (RUBKZT_0_002) тура келді.

SWAP-1D (USD) бір күндік доллар свопы индикаторының кірістілігі маусымның аяғында жылдық 16,91 %-ға жетіп, жыл басынан бастап 171 б.т. төмендеді. SWAP-2D (USD) екі күндік валюта свопы индикаторының кірістілігі жыл басынан бері жылдық 15,98 %-ға дейін 270 б.т. төмендеді.

ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Қазіргі уақытта биржалық нарықтың осы секторында саудаға АҚШ долларының теңгеге бағамына, ресей рублінің теңгеге бағамына, KASE индексіне және "Қазақстан халық жинақ банкі" АҚ мен "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ-ның жай акцияларына жеткізілмейтін фьючерстер қолжетімді.

2023 жылдың бірінші жартыжылдығында 23,5 млрд теңгеге ресей рублінің теңгеге шаққандағы бағамына фьючерстермен 11 мәміле жасалды. 01 шілдеге деривативтер нарығындағы сауда-саттыққа қатысушылардың ашық позициялары 800 мың фьючерсті құрады.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші орында және FEAS биржалары акциялары нарығын капиталдандыру көлемі бойынша төртінші орында тұр.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE Халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Орнықты даму үшін қор биржалары" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.